



Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 маусымдағы N 528 қаулысы.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 629-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 4 маусымдағы
N 28 қаулысымен
бекітілген

Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен мас күйін (бұдан әрі - мас күйі) куәландыру, көлік құралдары жүргізушілерінің, шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерінің (бұдан әрі - жүргізуші, кеме жүргізуші) мас күйін куәландыру, сондай-ақ оның нәтижелерін ресімдеу тәртібін айқындайды.

2. Жүргізушілердің, кеме жүргізушілерінің мас күйін куәландыруға жіберуді, мас күйін куәландыруды "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 618 және 629-баптарына сәйкес мас күйі Кодексте көзделген құқық бұзушылықтың құрамы болып табылғанда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары ретінде уәкілетті лауазымды адамдар жүргізеді.

3. Көлік құралдарын басқарудан шеттетілген жүргізушілердің, кеме жүргізушілерінің мас күйін куәландыруды Қазақстан Республикасының заңнамасымен осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамдар мас күйін белгілейтін арнайы аспаптар

мен құралдарды қолдану арқылы тікелей әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде және/немесе медициналық ұйымдарда жүргізе алады.

4. Жүргізушілердің, кеме жүргізушілерінің көлік құралдарының, шағын көлемді кемелердің қозғалыс тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдердің белгіленген талаптарын бұзуы және қозғалыс қауіпсіздігін қадағалауды жүзеге асыру кезінде лауазымды адамдардың олардың бұл әрекеттерінің жолын кесуі, егер бұл ретте, жүргізушілерде, кеме жүргізушілеріне мас күйі белгілерінің анықталуы, сондай-ақ жүргізушілердің, кеме жүргізушілерінің алкогольді немесе психикалық активті заттарды қабылдағандығы туралы өтініштер, хабарлар, олардың алкогольді немесе психикалық активті заттарды қабылдағандығын мойындауы жүргізушілерді, кеме жүргізушілерін мас күйін куәландыруға жіберуге, мас күйін куәландыруға жеткілікті негіз болып табылады.

2. Мас күйін медициналық куәландыруға жіберу тәртібі

5. Жүргізушінің, кеме жүргізушісінің мас күйін медициналық куәландыру (бұдан әрі - медициналық куәландыру) уәкілетті лауазымды адамдардың жазбаша жолдамасы бойынша 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

6. Медициналық куәландыруға жіберуде көлік басқарудан шеттету күні, уақыты, орны, негіздемесі, куәландыруға жіберу негіздемесі, хаттаманы толтырған адамның лауазымы, тегі мен аты-жөні, көлік құралының, шағын көлемді кемеңің үлгісі, маркасы, моделі, мемлекеттік тіркеу нөмірі, өзге де сәйкестендіру белгілері, басқарудан шеттетілген, куәландыруға жіберілген жүргізушінің, кеме жүргізушісінің жеке басы туралы мәліметтер көрсетіледі. Жолдамаға оны толтырған лауазымды адам, сондай-ақ куәландыруға жіберілген жүргізуші, кеме жүргізушісі қол қояды.

7. Жүргізуші, кеме жүргізушісі әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жүргізілген куәландыру нәтижелерімен келіспеген жағдайларда медициналық куәландыру үшін берілетін жолдамаға лауазымды адам жүргізген куәландыру актісі қоса беріледі.

8. Куәландыруға жіберілген жүргізушінің, кеме жүргізушісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың болмауы медициналық ұйымның куәландырудан бас тартуына негіздеме бола алмайды. Жеке басы туралы мәліметтер куәландырушының сөзінен жазылады.

3. Уәкілетті лауазымды адам жүргізетін мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу тәртібі

9. Жүргізушілердің, кеме жүргізушілерінің мас күйін анықтауға Қазақстан Республикасында қолдануға белгіленген тәртіппен рұқсат етілген арнайы приборлар

мен құралдарды қолдану арқылы куәландыру оларды қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Арнайы приборлар мен құралдарды қолдану алдында олардың жарамдылығы, метрологиялық тексеру күні тексеріледі.

10. Арнайы приборлар мен құралдарды қолдану арқылы жүргізушіні, кеме жүргізушісін куәландыру әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру кезінде қатысатын екі куәгердің қатысуымен уәкілетті лауазымды адам толтыратын акт 2-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

Куәландырылатын жүргізуші, кеме жүргізушісі және куәгерлер куәландыруды жүргізудің және арнайы приборлар мен құралдарды пайдаланудың белгіленген тәртібімен таныстырылады.

11. Куәгерлер болмаған кезде (елді мекендерден қашықтығы, түнгі уақыт немесе басқа да жағдайлар) жүргізушіні, кеме жүргізушісін куәландыруды олардың келісімімен жүргізуге жол беріледі. Мұндай куәландырудың нәтижелері куәландырылушының келісімі туралы белгісі бар куәландыру актісінде жазылады.

12. Жүргізуші, кеме жүргізушісі әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде куәгерлердің қатысуынсыз куәландыру жүргізуге немесе куәландыру нәтижелерімен келіспеген жағдайда олар медициналық мекемеге медициналық куәландыруға жіберіледі.

13. Жүргізуші, кеме жүргізушісі әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада, мас күйін куәландыру актісінде немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қоса берілетін жекелеген түсініктемеде мас күйін куәландырудан өтуден өзінің бас тарту уәждерін жазады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.10. N 826 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

14. Жүргізуші, кеме жүргізушісі мас күйін куәландырудан жалтарған кезде әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде толтырылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада және мас күйін куәландыру актісінде бұл туралы белгі жасалады.

Мас болуын куәландыруға жіберудің,
мас болуын куәландырудың және оның
нәтижелерін ресімдеудің ережесіне
1-қосымша

Мас күйін анықтау үшін медициналық куәландыруға

ЖОЛДАМА

20__ жылғы "___" _____ сағат__ минут_____

(хаттаманың толтырылған жері)

(хаттаманы толтырған лауазымды адамның лауазымы, атағы, аты-жөні)

Азамат (азаматша) _____

(Тегі, аты, әкесінің аты)

мас күйін медициналық куәландыру үшін жібердім

Азаматтығы _____ Туған жылы мен жері _____

Жұмыс істейтін, тұрғылықты жері _____

Жеке басы анықталған құжат _____

(паспорт, жеке куәлігі, жүргізуші куәлігі)

(құжаттың сериясы, нөмірі, күні, берілген орны)

Көлік құралы туралы мәліметтер _____

(көлік құралының, шағын көлемді

кеменің үлгісі, маркасы, моделі, мемлекеттік тіркеу нөмірі,

өзге де сәйкестендіру белгілері)

Медициналық куәландыру үшін жолдаманың негіздемесі _____

Куәландырудың мақсаты _____

Лауазымды адамның қолы: _____

(куәландырылушы)

Мас болуын куәландыруға жіберудің,
мас болуын куәландырудың және оның
нәтижелерін ресімдеудің ережесіне
2-қосымша

Мас күйін анықтау үшін куәландырудың

N _____ АКТІСІ

(арнайы приборлар мен құралдарды пайдалану арқылы)

(куәландыру күні, уақыты және орны)

Мен, _____

(уәкілетті лауазымды адамның лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты, жүргізуші куәлігі, жеке куәлігі,

сериясы, нөмірі, тұрғылықты жерінің мекен-жайы, көлік құралының

маркасы, нөмірлік белгісі)

(куәландыру қажеттігін тудыратын жағдайлар: алкоголь иісі,

ағзаның дене және психикалық функциясының бұзылуы)

байланысты

(арнайы прибордың немесе құралдың атауы, нөмірі, метрологиялық

тексеру нөмірі, күні, прибордың немесе құралдың көрсеткіші)

пайдалану

арқылы куәландыруды жүргіздім.

Куәландыру құқықтарымен, міндеттерімен және тәртібімен танысты:

(куәландырылушы) (куәгер)

(куәгер)

(артқы беті)

КУӘЛАНДЫРУ НӘТИЖЕСІ

(сынамасы - оң, теріс)

Адамның (жүргізушінің) түсініктемесі

Куәландыру нәтижесімен

(келісемін, келіспеймін)

(қолы)

Куәгерлер*:

1.

(тегі, аты, әкесінің аты, жеке куәлігінің, жүргізуші куәлігінің

сериясы, нөмірі, тұрғылықты жерінің мекен-жайы)

(куәландыру фактісі бойынша қысқаша түсініктеме)

(қолы)

2. _____

(тегі, аты, әкесінің аты, жеке куәлігінің, жүргізуші куәлігінің

сериясы, нөмірі, тұрғылықты жерінің мекен-жайы)

(куәландыру фактісі бойынша қысқаша түсініктеме)

(қолы)

Хаттаманы толтырған лауазымды адамның қолы _____

*Куәлардың немесе куәгерлердің болмау себептері көрсетіледі.